

*№4 қосымша***«ӨКМ операторы» ЖШС
Басқармасының шешімімен бекітілді»****«ӨКМ операторы» ЖШС
Басқармасының
2021 жылғы «2» тамыздағы № 24
хаттамасы**

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды және оның (олардың) орамасын жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы

ҮЛГІЛІК ШАРТ

Нұр-Сұлтан қ.**20_____жылғы «_____»_____**

Бір тараптан бұдан әрі Оператор деп аталатын «ӨКМ операторы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген, Қазақстан Республикасының Үкіметі өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторы болып айқындаған, заңды тұлға атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма Төрағасы Медет Құмарғалиұлы Құмарғалиев және екінші тараптан бұдан әрі Өндіруші/Импорттаушы деп аталатын өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнім (тауарлар) тізбесіне сәйкес өнімді (тауарларды) Қазақстан Республикасының аумағында өндіруді және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға, бұдан әрі бірлесіп Тараптар деп аталатындар төмендегілер туралы осы Шартты жасасты.

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Шарт Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 389-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін іске асыру қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) Өндірушінің/Импорттаушының Оператормен Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды және оның (олардың) орамасын жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы

шартты жасасу бөлігінде сәйкес әзірленді және бекітілді.

2. Шарттың нысанасы

2.1. Оператор Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды және оның (олардың) орамасын жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, ал Өндіруші/Импорттаушы Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы шартта белгіленген мөлшерлерде, тәртіппен және мерзімде Оператордың ағымдағы (есеп айырысу) банктік шотына кәдеге жарату төлемін енгізуге міндеттенеді.

3. Кәдеге жарату төлемі және оны енгізу тәртібі

3.1. Кәдеге жарату төлемі өнімнің (тауардың) әрбір атауы бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітетін Кәдеге жарату төлемін есептеу әдістемесінің (бұдан әрі – Әдістеме) негізінде, өнімді (тауарды) әкелу (өндіру) кезінде қолданылатын коэффициенттер мен базалық мөлшерлемелер ескеріле отырып есептеледі.

Кәдеге жарату төлемін Өндірушілер/Импорттаушылар Оператордың банктік шотына Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен төлейді. Банктік шот туралы ақпарат Оператордың интернет-ресурсында орналастырылады.

3.2 Шарт жасалғаннан кейін тізбеге сәйкес өнімді (тауарларды) Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді жүзеге асыратын, автокөлік құралдары мен өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын өндіру кезінде пайдаланылатын шикізат пен материалдарды импорттаушыларды қоспағанда, Өндірушілердің/Импорттаушылардың кеңейтілген міндеттемелерді іске асыруы мынадай міндетті кезеңдерді қамтиды:

1) кәдеге жарату төлемін енгізуге және төлемақының толықтығы туралы құжатты алуға өтінім (бұдан әрі – өтінім) Оператордың интернет-ресурсы арқылы немесе қағаз жеткізгіште беріледі.

Кәдеге жарату төлемінің мөлшерлемесі белгіленбеген тізбеде көзделген өнімге қатысты өтінім берілмейді.

2) Өндіруші/Импорттаушы өтінімді берген кезден бастап үш жұмыс күні ішінде Оператор кәдеге жарату төлемін Әдістемеге сәйкес есептейді және кәдеге жарату төлемін енгізуге электрондық түрде ұсынады;

3) Өндірушілердің/Импорттаушылардың кәдеге жарату төлемін енгізуі;

4) кәдеге жарату төлемі есептік шотқа енгізілген кезден бастап үш жұмыс күні ішінде Оператор төлемнің толықтығы туралы құжатты ұсынады.

Төлемнің толықтығы туралы құжатты Оператор сот шешімінің, Оператордың пайдасына төлемді өндіріп алу туралы нотариустың атқарушылық жазбасының немесе төлемді енгізу қажеттілігі туралы Оператор хабарламасының негізінде Өндіруші/Импорттаушы Оператордың банктік шотына сот шешімінде, нотариустың атқарушылық жазбасында немесе Оператордың хабарламасында көрсетілген мөлшерде кәдеге жарату төлемі түріндегі ақша енгізгеннен кейін беруі мүмкін.

3.3. Өтінімге Өнімді (тауарларды) өндірушілер/импорттаушылар Қағидаларда көрсетілген құжаттарды қоса беруге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген импорттаушылар көрсететін өтінімдегі мәліметтер олардың салық есептілігінде және кедендік декларациясында көрсетілген мәліметтерге сәйкес келуге тиіс.

3.4. Өндірушілер/Импорттаушылар Қағидаларда белгіленген өтінімді қалыптастыру мерзімдерін сақтауға міндетті.

3.5. Кәдеге жарату төлемін Өндіруші/Импорттаушы ұсынған өтінімге Оператор берген төлем шотының негізінде Өндіруші/Импорттаушы жүзеге асырады.

3.6. Өндірушілер/Импорттаушылар Қағидаларда белгіленген мерзімнен кешіктірмей кәдеге жарату төлемін енгізуге міндетті.

3.7. Өндірушінің/Импорттаушының келіп түскен өтінім бойынша кеңейтілген міндеттемелері кәдеге жарату төлемі Оператордың ағымдағы (есеп айырысу) банктік шотына толық көлемде келіп түскен және төлемнің толықтығы туралы құжатты алған кезде орындалған болып есептеледі.

3.8. Өндіруші/Импорттаушы кәдеге жарату төлемін жүзеге асырған кезде соңғысы өнімнің (тауардың) Қазақстаннан экспортқа жатпайтынын және Қазақстан Республикасының ішкі нарығына арналғанын растайды.

3.9. Кәдеге жарату төлемін есептеу үшін қажетті деректерді айқындау мүмкін болмаған жағдайда, Оператор Өндірушілерден/Импорттаушылардан Қағидаларда көзделген құжаттарды сұратады. Сұрау салуды Оператор қалыптастырады және Өндіруші/Импорттаушы өтінімде көрсеткен деректерге сәйкес Өндірушіге/Импорттаушыға жіберіледі.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Оператор:

4.1.1. Экологиялық кодекске және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілген Даму стратегиясына сәйкес Өндірушіден/Импорттаушыдан кәдеге жарату төлемі түрінде түсетін ақшаны Экологиялық кодекстің 388-бабына сәйкес бағыттар бойынша жұмсау арқылы өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыруды қамтамасыз етуге;

4.1.2. Өндіруші/Импорттаушы есептеген, төлеген және одан түскен кәдеге жарату төлемінің есебін жүргізуге;

4.1.3. Артық төленген сомаларды алдағы төлемдер есебіне қайтару және (немесе) есепке алу қағидаларына сәйкес қоса берілген растайтын құжаттармен бірге Өндірушінің/Импорттаушының өтініші негізінде артық төленген сомаларды қайтаруды Қағидаларға сәйкес қамтамасыз етуге;

4.1.4. Өндірушілердің/Импорттаушылардың электрондық деректер базасын қалыптастыруға, оған Өндіруші/Импорттаушы туралы деректер енгізуге және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес оларға өзекті сипат беруге;

4.1.5. іс жүргізуі ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның құзыретіне жатқызылған әкімшілік

құқық бұзушылық белгілерін қамтитын әрекеттер анықталған кезде осындай құқық бұзушылықтар бойынша материалдарды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға беруге;

4.1.6. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді орындауға **міндетті**.

4.2. Оператор:

4.2.1. кәдеге жарату төлемін жинауды жүзеге асыруға және Өндірушінің/Импорттаушының оны дұрыс есептеуін тексеруге;

4.2.2. Өндірушінің/Импорттаушының осы шарттың талаптарын және Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелерін орындауын бақылауға және оны орындауын талап етуге;

4.2.3. осы шарттың және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындамаған Өндірушіден/Импорттаушыдан кәдеге жарату төлемін, айыпақыны, сондай-ақ атқарушылық жазбаға арналған шығындарды, сот шығындарын (мемлекеттік бажды және өкілдік шығыстарды) қоса алғанда, бірақ шектелмей, берешекті өндіріп алу кезінде жұмсалған Оператордың шығындарын толық көлемде өндіріп алуға;

4.2.4. кәдеге жарату төлемін есептеу үшін Өндірушіден/Импорттаушыдан Қағидаларда көзделген құжаттарды сұратуға **құқылы**;

4.2.5. Оператордың осы шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да құқықтары бар.

4.3. Өндіруші/Импорттаушы:

4.3.1. Операторға берілген өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда көрсетілген деректердің толықтығына және дұрыстығына кепілдік беруге және оны қамтамасыз етуге;

4.3.2. Қағидаларда көзделген мерзімде растайтын құжаттарды қоса бере отырып, өтінімді қалыптастыруға және Операторға ұсынуға;

4.3.3. Әдістемеде және Қағидаларда көзделген мөлшерде және мерзімде кәдеге жарату төлемін Операторға енгізуге;

4.3.4. өнімді (тауарды) өткізу кезінде түпкі сатып алушыға төлемнің толықтығы туралы құжатты беруді қамтамасыз етуге;

4.3.5. айыпақыны төлеуге және берешекті өндіріп алу кезінде келтірілген шығындарды, оның ішінде, бірақ шектелмей, атқарушылық жазбаға арналған шығындарды, сот шығындарын (мемлекеттік баж және өкілдік шығыстары) Операторға толық көлемде өтеуге;

4.3.6. Оператордың сайтында тіркелуге және өзекті деректемелерді (атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі, мекенжайы, банк шоттары, байланыс телефондары) жеке кабинетке енгізуге және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманы қоса беруге;

4.3.7. өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімді (тауарларды) Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге өз бетінше әкеткен жағдайда Операторға хабарлауға және растайтын құжаттарды ұсынуға;

4.3.8. осы шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді орындауға **міндетті**.

4.4. Өндіруші/Импорттаушы:

4.4.1. Экологиялық кодексте және Қағидаларда көзделген шарттар мен мерзімдерге сәйкес артық төленген сомалар расталған жағдайда, кәдеге жарату

төлемінің артық төленген сомасын қайтару және (немесе) мұндай соманы болашақ төлемдер есебіне есепке жатқызу үшін Операторға жүгінуге;

4.4.2. кәдеге жарату төлемі төленгеннен кейін төлемнің толықтығы туралы құжатты алуға **құқылы**;

4.4.3. Өндірушінің/Импорттаушының осы шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да құқықтары бар.

5. Тараптардың жауаптылығы

5.1. Өтінімді қалыптастыру және (немесе) кәдеге жарату төлемін енгізу мерзімдері бұзылған, Өндіруші/Импорттаушы өтінімде және (немесе) осындай өтінімге қоса берілетін құжаттарда толық немесе дұрыс деректерді көрсетпеген, кәдеге жарату төлемін төлеуден жалтарған немесе толық соманы төлемеген жағдайда, сондай-ақ Өндірушіге/Импорттаушыға Қазақстан Республикасының заңнамасында жүктелген өзге де міндеттемелерді бұзғаны үшін Өндіруші/Импорттаушы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылықта болады.

5.2. Оператордың банктік шотына кәдеге жарату төлемін енгізу жөніндегі міндеттемені орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Оператор өндіріп алуға құқылы, ал Өндіруші/Импорттаушы орындалмаған не тиісінше орындалмаған міндеттеме сомасына пайызбен айыпақыны сот актісі шығарылған күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесі негізінде төлеуге міндетті.

5.3. Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторымен өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы шарт жасаспаған, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін іске асыру қағидаларына сәйкес өтінім бермеген, сондай-ақ өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының банктік шотына кәдеге жарату төлемі түрінде ақша енгізбеген немесе уақтылы енгізбеген өндірушілер (импорттаушылар) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

6. Дербес деректер

6.1. Өндіруші/Импорттаушы осы шартты жасай отырып не осы шартқа сәйкес Операторға өтінімді жібере отырып не кәдеге жарату төлемін енгізе отырып, Өндіруші/Импорттаушы Операторға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге құқық беруге өз келісімін растайды.

7. Форс-мажорлық мән-жайлар

7.1. Егер осы шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамау немесе тиісінше орындамау Тарап алдын ала білмейтін және барлық қолжетімді тәсілдермен болғызбайтын дүлей зілзала, саяси толқулар, әскери іс-қимылдар, мемлекеттік органдардың актілерді шығаруы және соған ұқсас

жайттар сияқты төтенше сипаттағы оқиғалар нәтижесінде туындаған, міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін немесе мүмкіндік бермейтін еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайларының салдары болып табылса, Тараптар жауаптылықтан босатылады.

7.2. Еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайлары туындаған жағдайда, шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осындай мән-жайлар және олардың салдары қолданылатын уақытқа мөлшерлес ұзартылады.

7.3. Еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайларының әсеріне ұшыраған Өндіруші/Импорттаушы 10 тәулік ішінде Операторға осындай мән-жайлардың басталғаны немесе тоқтағаны туралы жазбаша түрде хабарлауға және осындай еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайларының болғанын растайтын, Оператор үшін қолайлы құжаттарды және өзге де ақпаратты ұсынуға тиіс.

7.4. Еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайларының әсеріне ұшыраған Оператор осындай мән-жайлардың әсері басталғаны немесе тоқтағаны туралы интернет-ресурста тиісті хабарлама жариялауға тиіс. Оператордың Өндірушіні/Импорттаушыны еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайларының әсері басталғаны немесе тоқтағаны туралы қандай да бір өзге де қосымша жазбаша хабардар етуі талап етілмейді.

7.5. Форс-мажорлық мән-жайдың басталуы Тараптарды осындай мән-жай басталғанға дейін туындаған өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары (форс-мажор) екі айдан көп ұзарса, Тараптар осы шартты орындаудың тиімді баламалы тәсілдерін анықтау үшін қосымша келіссөздер жүргізеді.

8. Шарттың қолданыс мерзімі

8.1. Шарт екі Тарап оған қол қойған кезден бастап күшіне енеді.

8.1.1. Оператор өзінің интернет-ресурсында жариялау арқылы қол қойған, Өндіруші Импорттаушы – өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімді (тауарларды) және оның (олардың) орамасын әкелу немесе өндіру кезінен қол қойған жағдайда шарт жасалған болып есептеледі.

Көрсетілген ережелердің қолданысы Тараптар жазбаша нысанда жасасатын Шарттарға қолданылады.

8.1.2. Шарт күнтізбелік бір жылға жасалады.

8.1.3. Егер тараптардың бірде-бірі Шарттың қолданысын тоқтату туралы жыл аяқталғанға дейін кемінде 30 күн бұрын жазбаша нысанда мәлімдемесе, оның қолданыс мерзімі автоматты түрде келесі жылға ұзартылады.

8.1.4. Осы Шартты кез келген негіздер бойынша тоқтату немесе бұзу Өндірушіні/Импорттаушыны оның талаптарын бұзғаны үшін жауаптылықтан және осы Шарттың қолданыс кезеңінде туындаған міндеттемелерді орындауынан босату, оның ішінде өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындау және Оператордың осындай берешекті өндіріп алуға байланысты шығындарын өтеу жөніндегі берешегін өтеу үшін негіз болып табылмайды.

9. Дауларды шешу

9.1. Міндеттемелерді орындауға байланысты дауларды Тараптар – келіссөздер арқылы, ал келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Оператордың тіркелген жері бойынша сот тәртібімен шешеді.

10. Күпиялылық

10.1. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы шарттың қолданыс мерзімі ішінде оны іске асыру бойынша жұмысқа қатысты барлық құжаттар, ақпарат және есептер бойынша күпиялылық талаптарын сақтайды.

10.2. Мынадай:

- 1) ақпарат сот талқылауы кезінде пайдаланылған;
- 2) Тараптардың біреуіне Шарт бойынша қызмет көрсететін үшінші тұлға өзіне ақпараттың күпиялылығын сақтау және оны Тараптар белгілеген мақсатта және Тараптар белгілеген мерзімде пайдалану бойынша міндеттемені алған жағдайда, ақпарат осындай тұлғаларға берілген;
- 3) Тарап қаржы қаражатын алатын банк немесе қаржы ұйымы өзіне ақпараттың күпиялылығы талаптарын сақтау бойынша міндеттемені алған жағдайда, ақпарат осындай банкке немесе өзге де қаржы ұйымына берілген;
- 4) ақпарат Өндірушінің кез келген ақпаратына, оның ішінде банктік шоттарға, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс шетелдік банктерде ашылған банктік шоттарға жататын банк күпиясы болып табылатын ақпаратына қолжетімділігі бар Қазақстан Республикасының салық немесе өзге де мемлекеттік органдарына берілген;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларды, оның ішінде Оператор өз міндеттемелерін орындаған жағдайларды қоспағанда, Тараптардың ешқайсысы басқа Тараптың жазбаша келісімін алмай, Шарттың мазмұнына қатысты ақпаратты немесе күпиялы болып есептелетін және осы шарттың ережелерін іске асыруға байланысты өзге де ақпаратты ашуға құқылы емес.

11. Өзге де талаптар

11.1. Тараптардың осы шартта реттелмеген өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында реттеледі.

11.2. Осы шарт әрбір Тарап үшін заңды күші бірдей, қазақ және орыс тілдерінде бір данадан жасалады.

11.3. Атауы, заңды және (немесе) пошталық мекенжайлары, банктік және өзге де деректемелері өзгерген кезде Өндіруші/Импорттаушы Операторға растайтын құжаттарды (мыналарды: мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің және (немесе) тіркеуші органға жіберілетін орналасқан жерін ауыстыру туралы хабарламаның куәландырылған көшірмелерін қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) қоса тіркеп, Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын хабарламаны жіберуге міндетті.

Оператор тарапынан атауының, заңды және (немесе) пошталық мекенжайының, банктік және өзге де деректемелерінің өзгеруі туралы хабарламасы Оператордың интернет-ресурсында ақпарат орналастырылған кезден бастап орындалған болып есептеледі.

11.4. Оператор осы Шарттың талаптарын біржақты тәртіппен өзгерте алады. Оператор осы шартты өзгертілген түрде Оператордың интернет-ресурсында орналастырады және ол орналастырылған кезден бастап құқықтық қатынастарға қолданылады.

11.5. Шарт талаптары Қағидаларға сәйкес келмеген жағдайда

өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындау үшін Қағидалар басым болып танылады.

12. Тараптардың заңды мекенжайлары мен қолдары

**Оператор
«ӨКМ операторы»
ЖШС**

Мекенжайы: Z05K5H7,
Қазақстан
Республикасы, Нұр-
Сұлтан қ., Есіл ауданы, Мәңгілік
Ел даңғ. 18, 1-қабат БСН
151140025060
БСК: HSBKKZKX
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
Тел.: 8(7172) 72 79 62
e-mail: info@recycle.kz

Басқарма төрағасы

_____ **М. Кұмарғалиев**
М.О.

**Өндіруші/Импорттаушы
Атауы/Т.А.Ә.**

Заңды мекенжайы:

Нақты мекенжайы (егер заңды
мекенжаймен сәйкес келмесе)

_____ **БСН/ЖСН**

БСК

Банк« _____

» АҚ е/ш _____

тел.: _____

e-mail: _____

_____ / _____

М.О.

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды және оның (олардың) орамасын жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы үлгілік шартқа № 1 қосымша

ӨТІНІМ

Өндірушінің/импорттаушының деректері
 Өндіруші/импорттаушы:
 БСН:
 Қала:
 Мекенжай:
 Байланыс телефоны:
 Өтінімнің жалпы сомасы:
 Өндірілетін/импортталатын тауарлар:

№	СЭҚ ТН/ ЭҚТ ӨЖ коды	Салмағы, кг	Импорт күні	ШФ немесе ЖҚД	Сомасы, теңге

Осы өтінімге қол қоя отырып, Өтінім беруші оған қол қою бойынша өзінің өкілеттіктерін, сондай-ақ кәдеге жарату төлемін есептеуді жүзеге асыру үшін ұсынылған мәліметтердің дұрыстығын және толықтығын растайды және www.recycle.kz сайтында орналастырылған Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды және оның (олардың) орамасын жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы үлгілік шартпен танысқанын, оның мазмұнын түсінгенін және онымен толық келісетінін растайды, сондай-ақ ол сонда мазмұндалған талаптармен жасалғанын растайды.

Өтінім беруші өтінімнің мазмұнын толық тексеріп, ол өзі ұсынған деректер мен құжаттардың негізінде дұрыс толтырылғанын және соларға сәйкес келетінін куәландырады.

_____ (өндірушінің/импорттаушының атауы)

ҚҰЖАТТЫ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ДЕРЕКТЕР:

ҚҰЖАТҚА ҚОЛ ҚОЮДЫ ТЕКСЕРУ:

ЭЦҚ ДЕРЕКТЕРІ:

ҚОЛ ҚОЮ КҮНІ МЕН УАҚЫТЫ:

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды және оның (олардың) орамасын жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы үлгілік шартқа № 2 қосымша

ӨТІНІМ

Өндірушінің (импорттаушының) деректері
 Өндіруші/импорттаушы:
 БСН:
 Қала:
 Мекенжай:
 Байланыс телефоны:
 Өтінімнің жалпы сомасы:
 Өндірілетін (импортталатын) тауарлар:

№	Көлемі/салмағы/қуаты	VIN-коды немесе нөмірі	Шығарылған жылы	Шығарған ел	Шығару (импорттау) күні	ТҚ санаты	Төлем мөлшері, теңге

Осы өтінімге қол қоя отырып, Өтінім беруші оған қол қою бойынша өзінің өкілеттіктерін, сондай-ақ кәдеге жарату төлемін есептеуді жүзеге асыру үшін ұсынылған мәліметтердің дұрыстығын және толықтығын растайды және www.recycle.kz сайтында орналастырылған Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды және оның (олардың) орамасын жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы үлгілік шартпен танысқанын, оның мазмұнын түсінгенін және онымен толық келісетінін растайды, сондай-ақ ол сонда мазмұндалған талаптармен жасалғанын растайды.

Өтінім беруші өтінімнің мазмұнын толық тексеріп, ол өзі ұсынған деректер мен құжаттардың негізінде дұрыс толтырылғанын және соларға сәйкес келетінін куәландырады.

